## «Super Cool» (Жылдам Салқындату) функциясы

Балғын азық-түлікті мүмкіндігінше жылдамырақ салқындату қажет болғанда осы функцияны пайдаланыңыз. Бұл оның құнарлылық құндылығын, сыртқы түрін және дәмін сақтайды.

«Q» батырмасын 3 секунд бойы басып, баптауларды бұғаттан шығарыңыз.

Бұғаттан шығарылған күйінде «O» («Super Cool» (Жылдам Салқындату) функциясын таңдау) батырмасын басыңыз, «F» индикаторы («Super Cool» (Жылдам Салқындату) индикаторы) жанады, сонда тоңазытқыш «Super Cool» (Жылдам Салқындату) функциясын іске қосады. Сөндіру үшін «O» батырмасын басыңыз, осыдан кейін «F» индикаторы сөнеді, ал тоңазытқыш «Super Cool» (Жылдам Салқындату) функциясын сөндіреді.

### **i** Ескертпе

(Температура реттегіші «+» және «-») «Super Cool» функциясын іске қосқанда бұғатталады, сондықтан тоңазытқыш камерадағы температураны реттеуге болмайды

## Мобильді құрылғыға қосылу функциясы

Тоңазытқышты Wi-Fi желісіне қосыңыз, сонда өз құрылғыңызды қашықтан басқаралатын боласыз.

Бұл үшін:

EVO қосымшасын жүктеңіз




### Бірнеше маңызды кеңес:

- Үйдегі Wi-Fi желісінің жиілігі 2,4 ГГц-ты құрайтынына көз жеткізіңіз. Мұны роутердің теңшеулерінен тексеруге болады.
- Смартфонда Bluetooth бен геолокацияны анықтау функциялары қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Тоңазытқышыңыз желінің таралу аймағында тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Тоңазытқышқа жақындаңыз.

### Тоңазытқышты қосымшаға жалғау

- Тоңазытқышты қуат желісіне қосыңыз.
- Evo қосымшасын ашыңыз, жаңа тіркеулік жазба жасаңыз немесе жүйеге кіріңіз.
- Құрылғының бұғатталған күйінде сызбада «P» әрпімен белгіленген Wi-Fi батырмасын 3 секунд бойы басып ұстаңыз, тоңазытқыш дисплейіндегі Wi-Fi белгішесі (сызбадағы «G» әрпі) жылдам жыпылықтай бастайды және автоматты түрде баптау режиміне ауысады.
- EVO қосымшасында «Дом» тарауына көшіңіз, «Добавить устройству» батырмасын немесе жоғарғы оң жақ бұрыштағы «+» батырмасын басыңыз.
- Теңшеуді аяқтау үшін қосымшадағы нұсқауларды орындаңыз.

\*Wi-Fi баптау режимінен шығу үшін, сызбада «P» әрпімен белгіленген Wi-Fi батырмасын басыңыз. Құрылғы баптау режимінен шығады және тиісті белгіше жыпылықтауын тоқтатады.



### Ескертпе

Қосымшаның функционалы, интерфейсі және қосылуға қол жеткізу пайдалану аймағына, сондай-ақ evo қосымшасының кейінгі жаңартуларына байланысты келтірілген сипаттамадан өзгеше болуы мүмкін.

\*Wi-Fi функциясына, сондай-ақ, мобильді қолданбаға қосылу және оларды пайдалану барлық аймақтар (елдер) үшін қолжетімді емес.

Wi-Fi функциясын, сонымен қатар өңіріңізге (еліңізге) арналған мобилді қосымшаны қосу және пайдалану функциясын сатушыдан (уәкілетті ұйымнан) нақтылаңыз.


## Балғын өнімдерді сақтау бойынша кеңестер

### Тоңазытқыш камерада сақтау

- ▶ Тоңазытқышта 5°C-ден төмен температураны сақтаңыз.
- ▶ Ыстық тағамды тоңазытқышқа салар алдында, оны бөлме температурасына дейін салқындату керек.
- ▶ Тоңазытқышқа сақтауға орналастырылатын азық-түлікті алдымен жуып, кептіру керек.
- ▶ Иісінің немесе дәмінің өзгеруіне жол бермеу үшін, тоңазытқышқа сақтауға орналастырылатын азық-түлік тиісті түрде қапталған болуы керек.
- ▶ Шамадан тыс азық-түлік сақтамаңыз. Суық ауа азық-түлікті неғұрлым біркелкі және сапалы салқындап, «айнала ағуы» үшін олардың арасында аралықтар қалдырыңыз.
- ▶ Күнделікті пайдаланылатын азық-түлікті сөрелердің алдыңғы бөлігінде сақтаңыз.
- ▶ Суық ауа азық-түліктен «айнала ағуы» үшін, олардың арасында аралықтар қалдырыңыз.
- ▶ Азық-түлікті артқы қабырғаға жақындастыра қоймаңыз: олар жабысып қатып қалуы мүмкін. Азық-түлікті (әсіресе майлы немесе қышқылдарды) ішкі ішпектермен түйістіріп сақтамаңыз, өйткені май/қышқылдық оны зақымдауы мүмкін. Егер тоңазытқыштың осындай азық-түлікпен ластануын анықтасаңыз, оны тез арада тазалаңыз.
- ▶ Мұздатылған азық-түлікті тоңазытқыш камерада ерітіңіз. Олар осы бөліктегі температураны төмендетеді, сөйтіп, сізге біршама энергия мөлшерін үнемдеп береді.
- ▶ Тоңазытқышта кәді, қауын, папайя, банан, ананас және т.б. сияқты кейбір жемістер мен көкөністердің пісу процесі жылдамдауы мүмкін. Сондықтан оларды тоңазытқышта сақтау ұсынылмайды. Дегенмен, тоңазытқышта сақтау қатты жасыл жемістердің пісуіне ықпал етуі мүмкін. Пияз, сарымсақ, зімбір және басқа тамыр жемістерді бөлме температурасында сақтау керек.
- ▶ Тоңазытқыш ішіндегі жағымсыз иісі — бұл ішінде бірдеменің төгілгенінің және тазалау керек екендігінің белгісі. «Күтім және тазалау» тарауын қараңыз.
- ▶ Өртүрлі азық-түлікті олардың қасиеттеріне байланысты әртүрлі жерге жайғастыру керек:

### Ескертпе

Жақсы салқындатуды қамтамасыз ету үшін өнімдер мен ауа өткізгіш немесе датчиктер арасындағы қашықтық 10 мм-ден астам болуы керек.



- 1 Сары май, ірімшік және т.б.
- 2 Жұмыртқа, консервілер, дәмдеуіштер және т.б.
- 3 Бөтелкедегі сусындар мен азық-түлік.
- 4 Маринадталған тағамдар, консервілер және т.б.
- 5 Ет өнімдері, тіскебасарлар, макарондар, консервілер, сүт, соя ірімшігі, сүт өнімдері және т.б.
- 6 Ет тағамдары, сосискалар және т.б.
- 7 Жемістер мен көкөністерді сақтауға арналған аймақ
- 8 Жоғары ылғалдылық аймағы: жемістер, көкөністер, салат және т.б.
- 9 Балғындық аймағы: ет, балық

## Мұздатқыш камерада сақтау

- ▶ Мұздатқыш камерада  $-18^{\circ}\text{C}$  деңгейіндегі температураны сақтаңыз.
- ▶ «Жылдам мұздату» функциясын тоңазытқанға дейін 24 сағат бұрын іске қосыңыз, бірақ азық-түліктің аз мөлшері үшін 4–6 сағат жеткілікті.
- ▶ Ыстық тамақты мұздатқыш камераға салар алдында оны бөлме температурасына дейін суыту қажет.
- ▶ Кішкентай порцияларға туралған азық-түлік жылдамырақ тоңазытылады, жеңілірек ерітіледі және дайындалады. Әр үлестің ұсынылатын салмағы — 2,5 кг-нан аз.
- ▶ Азық-түлікті мұздатқыш камераға салар алдында қаптау ұсынылады. Пакеттер бір-біріне жабысып қалмауы үшін, қаптаманың сыртқы жағы құрғақ болуы керек. Қаптау материалдары иіссіз, саңылаусыз, улы емес және уытты емес болуы керек.
- ▶ Сақтау мерзімі өтуін қадағалаңыз: қаптамада тоңазытылған күнін, сақтау мерзімін және азық-түлік атауын көрсетіңіз.
- ▶ ЕСКЕРТУ! Қышқыл, сілті, тұз және т.б. мұздатқыш камераның ішкі бетін зақымдауы мүмкін. Құрамында осы заттар бар өнімдерді (мысалы, теңіз балығын) тікелей ішкі бетке қоймаңыз. Мұздатқыштан тұзды суды дереу алып тастау керек.
- ▶ Өндіруші тамақ өнімдерінің ұсынған сақтау мерзімінен аспаңыз. Мұздатқыштан тек қажетті азық-түлік мөлшерін алыңыз.
- ▶ Ерітілген азық-түлікті мүмкіндігінше жылдамырақ пайдаланыңыз. Ерітілген азық-түлікті қайталап тоңазыту ұсынылмайды, егер олар термоөңдеуге ұшыратылмаған болса (демек, еріткеннен кейін дайындылмаған болса).
- ▶ Мұздатқыш камераға балғын азық-түлікті аса көп мөлшерде тиемеңіз. Мұздатқыш камера сыйымдылығын «Техникалық деректер» тарауында немесе паспорттық тақтайшадан қараңыз.
- ▶ Азық-түлікті мұздатқыш камерада  $-18^{\circ}\text{C}$ -ден төмен емес температурада 2-12 ай, олардың қасиеттеріне байланысты сақтауға болады (мысалы, ет: 3-12 ай, көкөністер: 6-12 ай).
- ▶ Балғын азық-түлікті тоңазытқанда оның бұрын тоңазытылған азық-түлікпен түйісуіне жол бермеңіз. Тоңазытылған азық-түлік еріп кетуі мүмкін.


## Дайын тоңазытылған азық-түлікті сақтағанда осы ұсынымдарды орындаңыз:

- ▶ Өндірушінің азық-түлікті сақтау мерзімі жайындағы ұсынымдарын әрқашан орындаңыз. Олар көрсеткен сақтау мерзімінен асырмаңыз!
- ▶ Азық-түлік сапасын ұзағырақ сақтау үшін тоңазытылған азық-түлікті сатып алу және оны сақтауға жайғастыру арасындағы уақыт аралығы мүмкіндігінше қысқа болуына тырысыңыз.
- ▶  $-18^{\circ}\text{C}$  немесе одан төмен температурада сақталған тоңазытылған азық-түлікті сатып алыңыз.
- ▶ Қаптамасында мұз немесе қырау бар азық-түлікті сатып алмаңыз — бұл ол, бәлкім, бір уақытта ішінара ерітіліп, қайта тоңазытылғанын көрсетеді, ал бұл азық-түлік сапасына әсер етеді.




### Ескертпе

Жақсы салқындатуды қамтамасыз ету үшін азық-түлік пен ауа өткізгіш арасында 10 мм-ден артық қашықтық болуы керек



## Көп ағынды ауа жүйесі

Тоңазытқыш бірнеше ауа өткізгіші бар жүйемен жабдықталған, оның көмегімен суық ауа ағындары әр сөреге бағытталады. Бұл біркелкі температураны сақтауға және азық-түлік балғындығын ұзағырақ сақтауға көмектеседі. Реттелетін сөрелер



## Сөрелер биіктігін өз қажеттіліктеріңізге сәйкес реттеуге болады.

1. Сөрелі жылжыту үшін алдымен артқы жиегін (1) көтеріп, сөрелі сыртқа қарай тартып (2), алып шығыңыз.
2. Сөрелі орнына қою үшін, оны екі жағындағы құлақшаларға қойып, сөрелің артқы жағы бүйірлік ойықтарға енгенше ең терең қалыпқа сырғытыңыз.



### Ескертпе

Сөрелің қисайып кетпеуін қадағалаңыз.


## Жоғары ылғалдылық аймағы

Бұл аймақта ылғалдылық деңгейі шамамен 85% құрайды. Ол автоматты түрде басқарылады және жемістерді, көкөністерді, салаттарды және т.б. сақтау үшін жарайды.



### Ескертпе

- ▶ Сол жақ аймақтағы пластик қақпақты шешпеңіз. Ол ылғалдылықты сақтауға көмектеседі.
- ▶ Бұл бөлік ананас, авокадо, банан, грейпфрут сияқты жемістерді және картоп, баялды, үрмебұршақ, қияр, кәді, қызанақ сияқты көкөністерді, сондай-ақ ірімшікті сақтауға арналмаған.




## Балғындық аймағы

Бұл бөлікте ылғалдылық деңгейі тоңазытқыш камерадағыдан төмен. Бұл тартпа балғын азық-түлікті, жемістерді, көкөністерді және т. б. сақтау үшін жарайды.

### Есіктің алмалы сөрелері

Есіктің сөрелерін тазалау үшін шешіп алуға болады: Сөрелің екі жағын қолыңызбен ұстаңыз, оны жоғары көтеріңіз (1) және сыртқа қарай тартып шығарыңыз (2). Есік сөресін салу үшін жоғарыдағы қадамдарды кері тәртіппен орындаңыз.



### Қосымша: «OK» температура индикаторы

«OK» температура индикаторы +4 °C-ден төмен температураны анықтауға арналған. Егер индикаторы «OK» көрсетпесе, онда температураны біртіндеп төмендетіңіз.




### **i** Ескертпе

Тоңазытқышты іске қосқанда керек температураға дейін жету үшін 12 сағатқа дейін керек болуы мүмкін.

### Мұздатқыш камераның алмалы жәшігі

Тартпаны алып шығу үшін оны мүмкіндігінше суырып (1), оның көтеріңіз және сыртқа қарай шығарыңыз (2).

Тартпаны салу үшін жоғарыдағы қадамдарды керісінше орындаңыз.



### Жарықтандыру

Егер есік 7 минуттан артық қалатын болса, онда бөлік ішіндегі жарық автоматты түрде сөндіріледі. Аспа жұмысына тоңазытқыштың ешқандай басқа баптаулары әсер етпейді.



## Энергия үнемдеуге қатысты кеңестер

- ▶ Тоңазытқышты орнатқанда желдеткіш аралықтар сақталғанына көз жеткізіңіз («Орнату» тарауын қараңыз).
- ▶ Тоңазытқышты тікелей күн сәулесінің астында немесе жылу көздерінің жанында (мысалы, пештер, жылытқыштар) орнатпаңыз.
- ▶ Тоңазытқышта тым төмен температураны орнатпаңыз. Аспапқа белгіленген температура неғұрлым төмен болса, энергия шығыны соғұрлым жоғары болады.
- ▶ «Super Freeze» (Жылдам мұздату) сияқты функциялар көбірек энергия тұтынады.
- ▶ Жылы азық-түлікті тоңазытқышқа қояр алдында салқындатыңыз.
- ▶ Тоңазытқыш есігін мүмкіндігінше сирек және мүмкіндігінше азырақ уақытқа ашыңыз.
- ▶ Ауа кіріуіне кедергі келтірмеу үшін тоңазытқышты азық-түлікке артық толтырмаңыз.
- ▶ Тағам қаптамасына ауаның кіруіне жол бермеңіз.
- ▶ Есік әрқашан тығыз жабылуы үшін есік тығыздағыштарын таза ұстаңыз.
- ▶ Мұздатылған азық-түлікті тоңазытқыш камерада ерітіңіз.
- ▶ Энергияны үнемдеудің ең үлкен әсері тартпалар, азық-түлік қораптары және тоңазытқыш сөрелері зауыттық күйде болғанда және өнімдер құбырдан ауа шығуын тоқтатпай, мүмкіндігінше бір-бірінен алшақ орналасқанда қол жеткізіледі.

**ЕСКЕРТУ!**

Тазалар алдында тоңазытқышты желіден ажыратыңыз.


**Тазалау**

Тоңазытқышты азық-түлік аз немесе мүлдем сақталмаған кезде тазалаңыз.

Тоңазытқышты дұрыс техникалық күйде ұстау үшін және онда сақталған өнімдердің нашарлауына жол бермеу үшін, оны кемінде төрт аптада бір рет тазалап отыру керек.

**ЕСКЕРТУ!**

- ▶ Мұздатқыш камераны тазалау үшін қатты немесе сым щеткаларды, кір жуғыш ұнтақты, бензинді, амилацетатты, ацетонды және соған ұқсас органикалық еріткіштерді, сондай-ақ қышқыл немесе сілтілі еріткіштерді пайдаланбаңыз. Зақымдануды болдырмау үшін, тоңазытқышты арнайы жуғыш құралмен тазалаңыз.
- ▶ Тазалау кезінде тоңазытқышқа ешнәрсе шашпаңыз немесе құймаңыз.
- ▶ Тазалау үшін су немесе бу ағысын пайдаланбаңыз.
- ▶ Суық шыны сөрелерді ыстық сумен жумаңыз. Температура күрт өзгерген жағдайда, шыны жарылып кетуі мүмкін.
- ▶ Мұздатқыш камераның ішкі бетіне қол тигізбеңіз, әсіресе, ылғал қолды тигізбеңіз, өйткені қол оның беттеріне жабысып қалуы мүмкін.
- ▶ Егер қызып кетсе, мұздатылған тағамның күйін тексеріңіз.



- ▶ Есіктегі төсемді әрқашан таза ұстаңыз.
  - ▶ Тоңазытқышты ішінен және сыртынан бейтарап жуғыш құрал қосылған жылы суға малынған губкамен тазалаңыз
1. Тоңазытқыштың ішкі және сыртқы беттерін, оның ішінде есік тығыздағышын, есік сөрелерін, шыны сөрелерді, тартпаларды және т.б. жылы суға малынған жұмсақ шүберекпен немесе губкамен сүртіңіз (суға бейтарап жуғыш құралды қосуға болады).

2. Егер сұйықтық төгілсе, барлық ластанған заттарды алып тастаңыз, оларды су ағынының астында жуыңыз, құрғатыңыз және қайтадан тоңазытқышқа салыңыз.

3. Егер қалың зат төгілсе (мысалы, кілегей, еріген балмұздақ), барлық ластанған заттарды алып тастау керек, оларды шамамен 40 °C жылы суға біраз уақыт салып, содан кейін ағынды сумен шайып, кептіріп, қайтадан тоңазытқышқа салыңыз.


4. Егер тоңазытқыштың сөрелері немесе тартпалары арасында кішкене зат тұрып қалса, оны кішкентай жұмсақ щеткамен алып шығыңыз. Егер сіз бұл затты шығара алмасаңыз, Haier қызметіне хабарласыңыз.

- ▶ Жұмсақ шүберекпен сүртіп құрғатыңыз.
- ▶ Тоңазытқыштың алынбалы бөлшектерін ыдыс жуғыш машинада жумаңыз.
- ▶ Тоңазытқышты қайта іске қосар алдында кемінде 7 минут күтіңіз, өйткені жиі іске қосулар компрессорды зақымдауы мүмкін.

**Еріту**

Тоңазытқыш пен мұздатқышты еріту автоматты түрде жүзеге асырылады, адамның араласуы қажет емес.

## Жарықдиодты шамдарды ауыстыру



Жарықдиодты шамды өз бетіңізше ауыстырмаңыз! Оны ауыстыруды тек қана маман орындауы тиіс.

Бұл тұрмыстық аспапта G энергия тиімділігі сыныбының жарық көзі бар.

Камера	Кернеуі	Макс. қуат	Энергия тиімділік сыныбы	Моделі
Тоңазытқыш	12 В тұрақты ток	16 Вт	G	HB16FRSAAAERU

## Ұзақ уақыт бойы пайдаланбау

Егер тоңазытқышты ұзақ уақыт бойы пайдаланбауды жоспарласаңыз және сондықтан «Демалыс» функциясын іске қосуға немесе тоңазытқышты/мұздатқыш камераны сөндіруді шешкен болсаңыз, онда:

- ▶ Бүкіл азық-түлікті алып шығыңыз.
- ▶ Қуат баусымын желіден ажыратыңыз.
- ▶ Суға арналған резервуарды босатыңыз және тазалаңыз.
- ▶ Тоңазытқышты, жоғарыда сипатталғандай, тазалаңыз.
- ▶ Тоңазытқышта жағымсыз иістің пайда болуына жол бермеу үшін есіктерді ашық қалдырыңыз.

**Ескертпе**

Аспапты өте қажет болған жағдайда ғана ажыратыңыз.

**Тоңазытқышты жылжыту**

1. Барлық өнімдерді алып тастаңыз және айырды розеткадан алыңыз.
2. Тоңазытқыш пен мұздатқыш камерадағы сөрелер мен басқа да жылжымалы бөлшектерді жабысқақ таспамен бекітіңіз.
3. Салқындату жүйесін зақымдамау үшін тоңазытқышты 45°-тан артық еңкейтеңіз.

**ЕСКЕРТУ!**

- ▶ Тоңазытқышты тұтқаларынан ұстап көтермеңіз.
- ▶ Тоңазытқышты ешқашан еденге көлденеңінен қоймаңыз.

Көптеген пайда болатын проблемаларды өз күшіңізбен шеше аласыз, бұл үшін арнайы білім керек емес. Мәселе туындаған жағдайда, сервис қызметіне жүгінбес бұрын барлық ықтимал нұсқаны тексеріңіз және төменде келтірілген нұсқауларды орындаңыз. «Клиенттерді қолдау қызметі» тарауын қар.



## ЕСКЕРТУ!

- ▶ Қызмет көрсетер алдында тоңазытқышты сөндіріңіз және айырды розеткадан суырып алыңыз.
- ▶ Электр жабдығына техникалық қызмет көрсетуді тек электрші мамандар жүргізуі керек, өйткені дұрыс емес жасалған жөндеу ауыр зақымның себебі болуы мүмкін.
- ▶ Жарақаттануға және қатерлерге жол бермеу үшін зақымдалған баусымды өндіруші, оның сервистік агенті немесе ұқсас біліктілігі бар тұлға ауыстыруы қажет.

Мәселе	Ықтимал себебі	Ықтимал шешімі
Компрессор жұмыс істемей тұр.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Желілік айыр розеткаға қосылмаған</li> <li>• Тоңазытқыш еріту циклін орындап тұр.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Айырды розеткаға қосыңыз.</li> <li>• Бұл автоматты еріту процесіндегі қалыпты жағдай.</li> </ul>
Тоңазытқыш жиі қосылады немесе тым ұзақ жұмыс істейді.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қоршаған ортаның температурасы тым жоғары.</li> <li>• Құрал біраз уақыт бойы сөндірулі тұрды.</li> <li>• Тоңазытқыштың есігі тығыз жабылмайды.</li> <li>• Есік тым жиі немесе тым ұзақ ашылып тұрды.</li> <li>• Тоңазытқыш камера үшін тым төмен температура белгіленген.</li> <li>• Есік төсемі кір, тозған, зақымдалған немесе деформацияланған.</li> <li>• Қажетті ауа айналымы қамтамасыз етілмеген.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Бұл жағдайда тоңазытқыштың ұзағырақ жұмыс істеуі қалыпты болады.</li> <li>• Өдетте толық салқындатуы үшін оған 8-ден 12 сағатқа дейін керек.</li> <li>• Есікті/тартпаны жабыңыз, қандай да бір нәрсе жапқыштардың толық жабылуына кедергі келтірмейтінін тексеріңіз. Тоңазытқыштың түзу (қисық емес) тұрғанына көз жеткізіңіз.</li> <li>• Есікті/тартпаны тым жиі ашпаңыз.</li> <li>• Берілген температураны жайлы температураға жеткенше жоғарлата беріңіз. Тоңазытқыштағы температура тұрақтануы үшін 24 сағат керек.</li> <li>• Есіктің/тартпаның төсемін тазалаңыз немесе сервис қызметіне хабарласып, оны ауыстырыңыз.</li> <li>• Жеткілікті желдетуді қамтамасыз етіңіз.</li> </ul>
Тоңазытқыштың ішінде лас және/немесе жағымсыз иіс бар.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Тоңазытқыштың ішкі бөлігі тазалауды керек етеді.</li> <li>• Тоңазытқышта иістері күшті заттар сақталады.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Тоңазытқыштың ішкі бөлігін тазалаңыз.</li> <li>• Азық-түлікті тығыздау қаптап қойыңыз.</li> </ul>

Мәселе	Ықтимал себебі	Ықтимал шешімі
Тоңазытқышта жеткілікті суық емес.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Тым жоғары температура орнатылған.</li> <li>• Тоңазытқышқа тым жылы азық-түлік салынған.</li> <li>• Тоңазытқышқа тым көп азық-түлік бар.</li> <li>• Тағамдар өте тығыз салынған.</li> <li>• Есік/тартпа тығыз жабылмайды.</li> <li>• Есік/тартпа тым жиі немесе тым ұзаққа ашылған.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Температураны реттеңіз.</li> <li>• Азық-түлікті тоңазытқышқа сақтауға қояр алдында әрқашан салқындатып алыңыз.</li> <li>• Тоңазытқышта тым көп азық-түлікті сақтамаңыз.</li> <li>• Ауа тамақ өнімдерінен «айнала ағуы» үшін олардың арасында саңылау қалдырыңыз.</li> <li>• Есікті/тартпаны жабыңыз.</li> <li>• Есікті/тартпаны тым жиі ашпаңыз.</li> </ul>
Тоңазытқышта тым суық.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Тым төмен температура орнатылған.</li> <li>• «Super Freeze» (Жылдам мұздату) / «Super Cool» (Жылдам Салқындату) функциясы іске қосылған немесе тым ұзақ уақыт жұмыс істеп тұр.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Температураны реттеңіз.</li> <li>• «Super Freeze» (Жылдам мұздату) / «Super Cool» (Жылдам Салқындату) функциясын сөндіріңіз</li> </ul>
Тоңазытқыш камераның ішкі беттерінде ылғал пайда болады.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қоршаған орта тым жылы және тым ылғалды.</li> <li>• Есік/тартпа тығыз жабылмайды.</li> <li>• Есік/тартпа тым жиі немесе тым ұзаққа ашылған.</li> <li>• Азық-түлік немесе сұйықтық контейнерлері ашық қалған</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Температураны жоғарлатыңыз.</li> <li>• Есікті/тартпаны жабыңыз.</li> <li>• Есікті/тартпаны тым жиі ашпаңыз.</li> <li>• Ыстық азық-түлікке бөлме температурасына дейін суығанына мүмкіндік беріңіз, тамақ пен сұйықтық салынған контейнерлерді жабыңыз</li> </ul>
Ылғал тоңазытқыштың сыртқы бетінде немесе есіктер мен тартпаның арасында жиналады.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қоршаған орта тым жылы және тым ылғалды.</li> <li>• Есік тығыз жабылмаған. Аспаптағы суық ауа және оның сыртында жылы ауа конденсацияланады.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Бұл ылғал климат жағдайларында қалыпты болады. Ылғалдылық төмендегенде конденсация төмендейді.</li> <li>• Есік/тартпа тығыз жабылғанына көз жеткізіңіз.</li> </ul>
Мұздатқыш камера қатты мұзданған.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Өнімдер дұрыс қапталмаған.</li> <li>• Есік/тартпа тығыз жабылмайды.</li> <li>• Есік/тартпа тым жиі немесе тым ұзаққа ашылған.</li> <li>• Есік төсемі кір, тозған, зақымдалған немесе деформацияланған.</li> <li>• Ішінде бірдеңе есіктің/тартпаның қалыпты жабылуына бөгет жасап тұр.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Азық-түлікті әрқашан жақсы қаптап қойыңыз.</li> <li>• Есікті/тартпаны жабыңыз.</li> <li>• Есікті/тартпаны тым жиі ашпаңыз.</li> <li>• Есіктегі/тартпадағы төсемді тазалаңыз немесе оны жаңаға ауыстырыңыз.</li> <li>• Есік/тартпа қалыпты жабылуы үшін сөрелердің, астаулардың немесе контейнерлердің орындарын ауыстырыңыз.</li> </ul>

Мәселе	Ықтимал себебі	Ықтимал шешімі
Корпустың бүйір қабырғасы мен есік тақтасы қызады.	–	• Бұл қалыпты жағдай.
Тоңазытқыш қалыптан тыс дыбыстар шығарады.	• Тоңазытқыш тегіс орнатылмаған. • Тоңазытқыш оның жанындағы әлдеқандай затқа тиіп тұр.	• Аяқшаларды тоңазытқыш тегіс тұратындай реттеңіз. • Тоңазытқыштан заттарды алыстау қойыңыз.
Ағып жатқан судың дыбысына ұқсас әлсіз дыбыс естіледі.	–	• Бұл қалыпты жағдай.
Дыбыстық дабылдама іске қосылады.	• Тоңазытқыштың есігі ашық.	• Есікті жабыңыз.
Әлсіз гүіл естіледі.	• Конденсациядан қорғау жүйесі жұмыс істеп тұр.	• Ол конденсаттың түзілуіне жол бермейді. Бұл қалыпты жағдай.
Ішкі жарықтандыру немесе салқындату жүйесі жұмыс істемейді.	• Желілік айыр розеткаға қосылмаған • Қуат беру көзінде ақау бар . • Жарықдиодты шам істен шыққан.	• Айырды розеткаға қосыңыз. • Үй-жайға электр қуатының берілуін тексеріңіз. Жергілікті энергиямен жабдықтаушы компанияға хабарласыңыз. • Сервистік қызметіекшамды ауыстыру бойынша хабарласыңыз.

## Электр қуатын берудегі үзілістер

Электр қуаты өшкен жағдайда, тоңазытқыштағы тағамның қауіпсіз төмен температурасы шамамен 5 сағат бойы сақталады. Ұзақ уақыт электр қуаты өшкен жағдайда, әсіресе, жазда, осы нұсқауларды орындаңыз:

- ▶ Есікті/жәшікті мүмкіндігінше сирек ашыңыз.
- ▶ Электр энергиясы сөндірілген кезде, тоңазытқышта басқа заттарды салмаңыз.
- ▶ Егер сіз электр қуатын сөндіру туралы алдын ала хабар алған болсаңыз және оның ұзақтығы 12 сағаттан асса, онда біршама мұзды дайындап, оны тоңазытқыштың жоғарғы жағындағы контейнерге салып қойыңыз.
- ▶ Электр энергиясының берілуі қалпына келтірілгеннен кейін бірден тоңазытқыштағы барлық азық-түлікті тексеріп шығыңыз.
- ▶ Электр энергиясы сөндірілген кезде және басқа жаңылыстар болғанда, тоңазытқыштағы температура жоғарлайды, азық-түліктің сақталу мерзімі қысқарады. Денсаулыққа қауіп төндірмеу үшін, кез-келген жібіген тағамды дереу жеу керек немесе термиялық өңдеуден өткізу (пісіру керек) және қайта мұздату керек (егер мүмкін болса).

## Электр энергиясы сөндірілген кездегі жады функциясы

Электр энергиясы берілу қалпына келгеннен кейін аспап сөнгенге дейін орнатылған баптаулармен жұмыс істеуді жалғастырады.

## Қаптамадан шығару



### ЕСКЕРТУ!

- ▶ Тоңазытқыш — ауыр бұйым. Оны жылжыту үшін кемінде екі адам қажет.
- ▶ Барлық қаптау материалдарды балалар үшін қолжетімсіз жерде сақтаңыз және оларды экологиялық зиянсыз тәсілмен кәдеге жаратыңыз.
- ▶ Тоңазытқыштан қаптамасынан босатыңыз.
- ▶ Барлық қаптама материалдарды алып тастаңыз.

## Қоршаған орта жағдайы

Үй-жайдағы температура 10–43°C шектерінде болуы керек, өйткені ол тоңазытқыштағы температураға және оның энергия тұтынуына тікелей әсер етуі мүмкін. Тоңазытқышта оқшаулаусыз жылу шығаратын құрылғылардың (тұмшاپештер, басқа тоңазытқыштар) жанына қоймаңыз.

## Керекті кеңістік


Ашық есіктегі керекті кеңістік:

W1 = 1015 мм

W2 = 1200 мм


D1 = 560 мм

D2 = 1000 мм



## Желдетуге арналған саңылаулар

Тоңазытқыш айналасында жеткілікті желдетуді қамтамасыз ету үшін және қауіпсіздік түсініктері бойынша келесі талаптарды сақтау керек.




## Тоңазытқышты түзету

Тоңазытқыш тегіс және қатты бетке орнатылуы керек.

1. Тоңазытқышты сәл артқа қарай еңкейтіңіз.


2. Аяқтарды қажетті деңгейге бұраңыз.

Қабырғадан есік топсасына дейінгі қашықтық кемінде 10 см құрайтынына көз жеткізіңіз. Бұл есіктің қалыпты ашылуы үшін қажет.



### Ескертпе

Жеке тұратын тоңазытқыш ішіне орнатуға арналмаған.




1. Тоңазытқыштың тұрақтылығын бұрыштарды диагональ бойынша кезек-кезек басып тексеруге болады. Жеңіл тербеліс барлық бағытта бірдей болуы керек. Теріс жағдайда корпус деформациялануы мүмкін; нәтижесінде есік тығыздағыштарында саңылаулар пайда болады. Егер тоңазытқышты артқа қарай аздап қисайтсақ, бұл есіктердің жабылуын жеңілдетеді.

## Есіктерді реттеу

Егер есіктер әртүрлі деңгейлерде болса, бұны келесі түрде түзетуге болады:

A) Реттелетін аяқша көмегімен


Реттелетін аяқша биіктігін үлкейту немесе азайту үшін, оны тілшік бағытымен бұраңыз.



B) Ішпектер көмегімен


► Жоғарғы есікті ашыңыз және оны аезап көтеріңіз.

► Ішпекті (жеткізілім жиынтығына кіреді) орташа топсадағы ақ пластик сақинаға қолмен немесе тістеуік сияқты лайық келетін сайманның көмегімен абайлап кіргізіңіз. Есікті сырғызып алмаңыз.



## Ескертпе

Әрі қарай пайдаланғанда сақталатын азық-түліктің салмағынан тоңазытқыш есіктері қайтадан қисайып қалуы мүмкін. Бұл жағдайда оларды, жоғарыда сипатталғандай, реттеңіз.



### Қосу алдындағы күту уақыты

Компрессор корпусында автоматты майлауға арналған май бар. Еңкейтілген күйде тасымалдағанда ол құбырлардың жабық жүйесіне түсуі мүмкін. Сондықтан май компрессорға қайта ағуы үшін аспапты қуат көзіне қосар алдында кемінде 2 сағат күту керек.

### Электр желісіне қосу

Әр қосар алдында мыналарды тексеріңіз:

- ▶ Электр қуатының, розетка мен сақтандырғыштың параметрлері паспорттық тақтайшада көрсетілгендерге сәйкес келеді.
- ▶ Желілік розетка жерге тұйықталған және тек қана бір ұяшығы бар, және де оған тоңазытқышты қосу үшін ұзартқыш пайдаланылмайды.
- ▶ Айыр және желілік розетка бір-біріне дәл сәйкес келеді. Айырды тек қана дұрыс орнатылған тұрмыстық розеткаға қосыңыз.



### ЕСКЕРТУ!

Зақымдалған қуат баусымын сервистік қызметке жүгініп, ауыстыру қажет («Кепілдікті шарттар» тарауын қар.).

## Бұйымның техникалық сипаттамалары

Маркасы	Haier
Модель атауы/сәйкестендіргіші	HB16FRSAAAERU
Тұрмыстық аспаптың санаты	Тоңазытқыш-мұздатқыш
Энергия тиімділік сыныбы	A++
Жылдық энергия тұтыну (кВтч/жыл) (1)	290
Жалпы көлемі (л)	447
Тоңазытқыш камераның көлемі (л)	338
Мұздатқыш камераның көлемі (л)	109
Мұздату сыныбы	✱ ***
Total No Frost	Иә
Мұздату қуаты (кг/24 сағ)	10
Климаттық сыныбы (2)	SN-N-ST-T
Шу деңгейі (дБ(А))	36
Температураны жоғарылату уақыты (сағ)	10
Аспап типі	Жеке тұратын
Таза салмағы, кг	115
Брутто салмағы (кг)	125
Қорғау сыныбы	I

## Түсініктемелер:

(1) Стандарттарға сәйкестікке 24 сағат бойы сынау нәтижелерінің негізінде. Нақты тұтынылу пайдалану режиміне және тоңазытқыштың жайғасуына байланысты.

(2) Климаттық сыныбы SN: аспап қоршаған ортаның температурасы + 10°C-ден +32°C дейін болған кезде пайдалануға арналған

Климаттық сыныбы N: аспап қоршаған ортаның температурасы + 16°C-ден +32°C дейін болған кезде пайдалануға арналған

Климаттық сыныбы ST: аспап қоршаған ортаның температурасы + 16°C-ден +38°C дейін болған кезде пайдалануға арналған

Климаттық сыныбы T: аспап қоршаған ортаның температурасы + 16°C-ден +43°C дейін болған кезде пайдалануға арналған

## Қосымша техникалық сипаттамалары

Номиналды кернеу / Номиналды жиілік	220-240 В~ / 50 Гц
Номиналды ток (А)	1,5
Суық агент	R600a (67г)
Габариттері (Е/Т/Б, мм)	830 / 635 / 1900
Еріту қуатын тұтыну (Вт)	180
Жылыту жүйелерінің қуат тұтыну (Вт)	180

## ТҰТЫНУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Клиенттерді қолдау қызметі

Нуге компаниясының тұтынушыларға қолдау көрсету қызметіне, сондай-ақ түпнұсқалық қосалқы бөлшектерді пайдалануға кеңес береміз. Егер сіздің тұрмыстық техникамен қиындықтарыңыз болса, алдымен «Ақауларды жою» бөлімін оқып шығыңыз.

Егер де сіз проблемаңыздың шешімін таба алмаған болсаңыз, мынаған жүгініңіз:

— біздің ресми дилерімізге немесе

— колл-орталыққа қоңырау шалыңыз:

8-800-070-01-29 (РҚ),

— <https://haieronline.kz/> сайтына кіріңіз, онда сіз қызмет көрсету туралы сұрау жібере аласыз және жиі қойылатын сұрақтарға жауап таба аласыз.

Қызмет көрсету орталығына хабарласқан кезде, төмендегі ақпаратты дайындаңыз, ол сіз төлтеушінің атына және тексеруге болады:

Улгісі \_\_\_\_\_

Сериялық нөмірі \_\_\_\_\_

Сатылған күні \_\_\_\_\_

Сонымен қатар, кепілдігінің және сатылғаны туралы құжаттардың болуын тексеріңіз.

The logo consists of the letters 'EAC' in a bold, black, sans-serif font. The 'E' and 'A' are connected at the top, and the 'C' is positioned to the right of the 'A'.

Маңызды! Құралда сериялық нөмірінің болмауы өндіруші үшін құралды сәйкестендіруді және нәтижесінде кепілдік қызмет көрсетуді мүмкін емес етеді. Құралдан зауыттық сәйкестендіру тақтайшаларын алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тақтайшалардың болмауы кепілдік міндеттемелерді орындаудан бас тартуға себеп болуы мүмкін.

Осы құжатқа алдын ала ескертусіз бір өзгерістердің енгізілуі мүмкін.

Өндіруші бұдан әрі ескертусіз бұйымның дизайны мен жабдықтарына өзгерістер енгізуге құқылы.

## КЕПІЛДІК ШАРТТАРЫ

### Құрметті сатып алушы!

Haier корпорациясы таңдауыңыз үшін алғыс айтады білдіреді және пайдалану ережелерін ұстанған кезде осы бұйымның жоғары сапасы мен мінсіз жұмыс атқаратындығына кепілдік береді. Тұрмыста пайдалану үшін арналған тұрмыстық бұйымның жұмысқа жарамды ресми мерзімі: бұйым кесімді тұтынушыға табысталған күннен бастап теледидарларға, микротолқынды пештер — 5 жыл, жыл, шаңсорғыштарға — 4 жыл, қалған тауарларға — 7 жыл. Өнімнің жоғары сапасын ескере отырып, нақты қызмет ету мерзімі ресми қызмет ету мерзімінен әлдеқайда ұзағырақ болуы мүмкін. Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін профилактикалық жұмыстарды жүргізу үшін және ұсынымдар алу үшін Авторландырылған сервистік орталыққа жүгінуіңізді сұраймыз. Барлық өнім пайдалану шарттарын ескере отырып өндірілген және Еуразиялық экономикалық (кедендік) одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келеді.

Түсінеушіліктерді болдырмау үшін сатып алу кезінде пайдалану құжаттамасы мен кепілдік шарттарын мұқият оқып шығуыңызды сұраймыз. Осы бұйым тұрмыстық мақсаттағы техникалық күрделі тауар болып табылады. Егер Сіз сатып алған бұйым арнайы орнатуды және іске қосуды талап еткен болса, Біз сізге Haier уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласуды ұсынамыз.

Haier корпорациясы бұйымның ақаулары анықталған жағдайда қолданыстағы тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі заңнамамен, басқа нормативтік актілермен белгіленген тұтынушылардың талаптарын қанағаттандыру жөніндегі міндеттемелерді өзіне қабылдағанын растайды. Бірақ Haier корпорациясы төменде аталған шарттарды сақтамаған жағдайда кепілдікті де, де бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

### Кепілдікті және шарттары

Haier корпорациясы тауарды тұтынушыға табыстап берген күннен бастап 12 ай\* кепілдікті мерзімді белгілейді. Ықтимал түсінбестікке жол бермеу үшін бұйымды сатқан кезде оған қоса берілетін құжаттарды (тауар чегі, кассалық чек, пайдалану құжаттамасы) қолдану мерзімі ішінде сақтаңыз.

Кепілдікті тек уәкілетті Haier қызмет көрсету орталықтары көрсетеді. Уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының толық тізімін алу үшін келесі нөмірлерге қоңырау шалу арқылы Haier байланыс орталығына хабарласыңыз:

**8 (800) 070-01-29** — Қазақстаннан келген тұтынушылар үшін (Қазақстан өңірлерінен тегін қоңырау шалу)

немесе <https://haieronline.kz/> сайтында немесе [support-kz@haieronline.kz](mailto:support-kz@haieronline.kz) электрондық поштасында.

Уәкілетті қызмет көрсету орталықтары өзгеруі мүмкін, толық ақпарат алу үшін Haier байланыс орталығына хабарласыңыз.

### Кепілдікті көрсету ақаулары келесі салдарынан туындаған бұйымдарға таратылмайды:

- тұтынушының тауарды пайдалану, сақтау және/немесе тасымалдау шарттары мен ережелерін бұзу;
- бұйымды дұрыс орнатпау және/немесе іске қосу;
- тоназыту контуринен және электрлік қосылыстармен жұмыс технологияларын бұзу, сондай-ақ Бұйымды монтаждау үшін құжаттармен расталған, тиісті біліктілігі болмаған тұлғаларды тарту;
- пайдалану құжаттамасында талап етілгендей, Тауарға уақтылы қызмет көрсетілмесе;
- сұқбыр желісіндегі артық немесе жеткіліксіз қысым;
- бұйымның осы түріне сәйкес келмейтін жуғыш құралдарды қолдану, сондай-ақ жуғыш құралдардың мөлшерлемесін асып кету;
- бұйымды тағайындалмаған мақсаттарында пайдалану;
- үшінші тұлғалардың әрекеттері: үкіл етілмеген тұлғалармен жөндеу немесе өндірушімен санкцияланбаған құрылмалық немесе сұлбалық техникалық өзгерістерді енгізу;
- Стандарттардан және желілерді қуаттаушы нормалардан ауытқу;
- еңсерілмейтін күштердің әрекеттері (апат, өрт, найзағай және т.б.);
- жазатайым оқиғалар, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері;
- егер бұйым ішіне бөгде заттар, сұйықтықтар, жәндіктер, жәндіктердің тіршілік ету өнімдері түскеннен ақаулар анықталған болса;
- су жылытқыштың сумен толтырылмаған / толық толтырылмаған бөгің қосу салдарынан термоқорғаныстың іске қосылуы.

### Кепілдікті көрсету келесі жұмыс түрлеріне таратылмайды:

- бұйымды пайдалану жерінде орнату және іске қосу;
- тұтынушыға бұйымды пайдалану жөнінде нұсқалама және кеңес беру;
- бұйымды сырттан немесе ішінен тазарту.

### Төменде аталған шығыс материалдар мен аксессуарлар кепілдікті көрсетуге жатпайды:

- желдеткіштерге арналған сүзгілер;
- кір жуғыш / ыдыс жуғыш машиналар үшін суды жеткізуге / ағызуға арналған сүзгілер, құбыршектер;
- шаңсорғыштарға арналған құбыршектер, түтіктер, қылшақтар, қондырмалар, шаңжинағыштар;
- қысқа толқынды пештерге арналған төрелкелер, істіктер, ыдыстар мен тіреуіштер;
- сүзгілер, иісті сіңіргіштер, ләмпішекелер, сөрелер, жәшіктер, тіреуіштер және тағамдарды тоңазытқышта сақтауға арналған өзге сыйымдықтар;
- басқару пультітері, аккумуляторлық батареялар, қуаттандыру элементтері, сыртқы қуаттандыру блоктары және зарядтау құрылғылары;
- бұйымға қоса берілетін құжаттама.

Бұйымға мерзімді қызмет көрсету (сүзгілерді ауыстыру және т.б.) тұтынушының қалауы бойынша қосымша төлеу арқылы жүргізіледі.

**Маңызды!** Аспапта сериялық нөмірінің болмауы Өндірушіге аспапты сәйкестендіру мүмкіндігін бермейді және осы салдарынан оған қызмет көрсету мүмкіндігі болмайды. Аспапта зауыттық сәйкестендіруші маңдайшаларды алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық маңдайшаларының зақымдалуы немесе болмауы кепілдікті міндеттемелерден бас тартудың себебі болуы мүмкін.

\* Кір жуатын/кепіретін/ыдыс жуатын машинаның инверторлық моторына, тоназытқыш/мұздатқыштың инверторлық компрессорына, кепіретін машинаның компрессорына кепілдік мерзімі - тауар Тұтынушыға берілген күннен бастап 12 жыл. Кір жуатын/кепіретін машинаның тура жетекті моторына (статор, ротор) шексіз кепілдік беріледі.

**Дата изготовления и  
гарантийный срок указаны  
на этикетке устройства**

**Шығарылған күні және  
кепілдік мерзімі  
құрылғының  
заттаңбасында көрсетілген**

**Сделано в Китае  
Қытайда жасалған**

**Изготовитель:**

**«Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.»,  
Room S401, Haier Brand building, Haier Industry park  
Hi-tech Zone, Laoshan District, Qingdao, China.**

**Өндіруші:**

**«Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.»,  
Рум S401, Хайер бренд билдинг, Хайер индастрипарк  
Хай-тек зон, Лаошан дистрикт, Циндао, Қытай.**

**Уполномоченное лицо / импортер: ООО «ХАР»,  
121099, г. Москва, Новинский бульвар, д.8, этаж 16,  
офис 1601.**

**Қазақстан Республикасындағы уәкілетті ұйым/  
импорттаушы: «Хайер Мидл Эйжа» ЖШС,  
050000, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық  
даңғылы, 210 ғимарат.**

**Уполномоченная организация в Республике Казахстан:  
ТОО «Хайер Мидл Эйжа», 050000, город Алматы,  
Медеуский район, Проспект Достык, дом 210.**



**Haier**